



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 55 (8318) Сәрсенбі 3 маусым 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алды

Г. Әбдіқұлова,
“Ауыл жаңалығы”.

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТТІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНА 1932-33 ЖЫЛДАРДАҒЫ



АШАРШЫЛЫҚ ПЕН 1937 ЖЫЛҒЫ СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІН ОҚИҒАСЫН ЖАТҚЫЗУҒА БОЛАДЫ.

1918-20 жылдары шамамен 6-7 млн. адамды құраған халқымыз 1921-22 және 1932-33 жылдарда болған ашаршылықтар кезінде 4 млн. 200 мыңнан астам азаматынан айырылды. 1937-38 жылдары Кеңес Одағының аумағында 1,5 миллионнан астам адам тұтқындалып, олардың 680 мыңы ату жазасына кесілген. Ал Қазақстандағы 1921-1954 жылдары аралығында 103 мың

АДАМ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРЫП, ОЛАРДЫҢ 25 МЫҢНАН АСТАМЫ АТЫЛҒАН.

Өткен сенбі күні аудан орталығында солақай саясаттың құрбандарын еске алуға арналған жиын өтті. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына қойылған құлыптас маңына жиналған жұртшылық алдында аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев сөз сөйледі. Сағындық Жұмағұлұлы өткен ғасырдың қаралы жылдарының бірі ашаршылық пен қуғын-сүргіннің қасіретіне, алаштың ардақты арыстары мен Карлаг пен Алжир лагерлерінде жазасын өтеген зиялылардың әйелдері мен балаларының тағдырына тоқталды. Сондай-ақ аудан әкімінің орынбасары сол жылдары қазақ

халқымыз құшақ жая қарсы алып, бауырына басқандығын, сонымен қатар сол кезеңде ауданымызда да “халық жауы” атанған азаматтардың тағдырына, осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған арыстарды ұмытпай, оларды әрқашан есте сақтау, өткенге салауат етіп, ақтаңдақтар ақиқатына тереңірек мән беру-бүгінгі ұрпақ парызы екендігін сөз етті. Мұнан соң Сарыкемер ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы С.Ермеков 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған кеңестік Н.Жүнісовтың атқарған қызметін тілге тиек ете келе, тарих ақтаңдақтарын ұмытпай, өскелең ұрпақтың өткеннен сабақ алу қажеттігін айтты.

Жиналғандар бір минут үнсіздікпен қаралы кезеңді еске алды. Аудандық “Байзақ баба” мешіті бас имамының көмекшісі А.Көшербаев жазықсыз жапа шеккендердің әруақтарға арнап құран бағыштады.

Жиын соңында оған қатысушылар саяси қуғын-сүргін және ашаршылық



халқы мыңдаған өзге ұлт өкілдерін жер аударылып келгендігін, оларды

құрбандарына қойылған құлыптасқа гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ ЖАЗ МАУСЫМЫ

БАЛАЛАР ЛАГЕРЬГЕ АТТАНДЫ

М.Манекеев,
“Ауыл жаңалығы”.

Жыл бойы уақытының көбін мектепте өткізетін оқушылар жазғы демалыс күндерін асыға күтетіні белгілі. Сондықтанда оқушылар үшін ең қызықты мезгіл — жаз маусымы. Үш ай демалыс мезгілінде балалар алаңсыз асыр салып ойнап, бір жасап қалары анық.

Демалысқа шыққан олардың бірі жазғы лагерлерде демалса, енді бірі қала аралап, саяхаттағанды ұнатады. Ал, кейбіреулері жеке шаруашылықта еңбек етіп, табыс тапқанды қалайды. Қалай десекте, жаз бойы балалардың көзден таса болмай, уақыттарын тиімді өткізуіне тек мектеп қана емес, ата-ана, жалпы қоғам болып атсалысуымыз қажет.

Аудан әкімдігінің білім бөлімінің берген мәліметтеріне сүйенсек, ағымдағы

жылы білім бөліміне қарасты 33 орта мектептен 136 оқушы сыртқы лагерге қамтылып отыр. Көршілес Т.Рысқұлов



ауданындағы «Ә.Молдағұлова» атындағы лагерге бірінші маусымда 80 бала, екінші маусымда 56 бала

барады. Әдеттегідей биыл да ауданымыздан сыртқы лагерге әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары, қорғаншылық пен қамқорлықтағы балалар қамтылған.

Аптаның дүйсенбісі күні бірінші кезеңнің ашылуына орай, алғашқы 80 бала демалуға, жазғы демалысты қызықты етіп өткізуге аттанды.

Мұнда балалар әртүрлі қызықты шараларға қатысып, ой-өрістерін дамытып, талай-талай танымдық дүниелермен танысады. Жасөспірімдер мен балалардың жаз мезгілінде денсаулықтарының сауықтырылып, өмірлерінің қауіпсіздігін

қамтамасыз етіп, шығармашылықтарын дамытып, өсіру — бүгінгі күннің басты міндеті.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ.

5 РЕФОРМА ЖӘНЕ 100 ҚАДАМ

Кемел келешекке ҚАДАМ

З.Молдабаев,
№3 Байзақ колледжінің оқытушы-ұйымдастырушысы.

Өткен айдың басында Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өткені белгілі. Онда Мемлекет басшысы ұсынған бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бағытындағы 100 нақты қадамның жайттары қарастырылған болатын. Сонымен қатар, аталған реформалардың әрқайсысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты міндеттер белгіледі.

Менің ойымша әлемді саяси және экономикалық дағдарыстар алқымнан қысып тұрған шақта бұл жоспардың елімізді күрделі кезеңнен жарқын болашаққа бастайтынына сенімдімін. Бұл — біздің болашақ мәңгілік елге жетуімізге арналған нақты қадам деп есептеймін.

Әсіресе білімнің сапасын арттыру, оған мән беру, барлық бәсекеге лайықты ел болуымыз басты назарға алыныпты. Ол түсінікті де. Өйткені бәсекеестікке шыдай алатын мамандар дайындау — бүгінгі күннің басты талабы.

№3 Байзақ колледжінде бүгінгі таңда «Ферма шаруашылығы», «Дәнеркерлеу ісі», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша көптеген жастар білім алуда. Ал биылғы жылы дәл осы бағыттарда 100-ден аса шәкірт оқу тәмамдағалы отыр. Олар ендігі кезекте алған тәлім-тәжірибелерін пайдаланып, жан-жақта жұмыс атқаратын болады. Байзақ ауданы ауылшаруашылығына бейім елдімекен болғандықтан болашақта аграрлық сала мамандарын көбейтпек ойымыз бар. Ең бастысы ел болып тізе бүксек, діндеген міндет-мақсатымызға жетеріміз анық. Біз де ұстаздар қауымы дәл осы жолда, яғни кемел келешек қадамы жолында еңбек жасай береміз демекпін.

100 ШАГОВ К СВЕТОМУ БУДУЩЕМУ

Программный документ «100 конкретных шагов по реализации пяти конституционных реформ» Главы государства Нұрсұлтан Назарбаева сейчас в центре внимания общественности страны.

Горячо обсуждали и одобрили этот документ этнокультурные объединения района. Поделилась своими впечатлениями на этот счёт председатель русского этнокультурного центра района Л.Горр:

«Мы рассматривали и одобрили каждый конкретный шаг и наметили наше участие в реализации Плана нации. Больше всего радует то, что в документе (86 шаг) отводится огромная роль Ассамблее народа Казахстана. Предстоит реализовать масштабный проект «Большая страна – большая семья», который укрепит казахстанскую идентичность и создаст условия для формирования целостной гражданской общности.

Пять народных реформ — это большой шаг навстречу единому будущему. Как сказал наш Президент: «Не одно поколение казахов создавало наше главное достояние — дружбу народов и не вправе растратывать это богатство, забывая добрые традиции».

Президент всегда поддерживал важность культурного стержня нации, делая акцент на том, что этнические, религиозные и культурные различия полиэтнического народа должны стать объединяющим началом.

Нас объединяет любовь к общему дому — Казахстану, согласие по отношению к истории нашей древней земли и развитию языков, глубокая вера в будущее нашего государства и его граждан. Мы всегда будем поддерживать инициативы Главы государства, направленные на укрепление межнационального согласия и повышения жизненного уровня казахстанцев.

Наша задача, чтобы каждый гражданин смог почувствовать свою причастность судьбе Родины и активно включиться в реализацию Плана Нации.

Наш корр.

Боздақтардың ұмытылмас есімі

**К.Ақназаров,
Түймекент ауылы.**

Боздақтардың ұмытылмас есімі, Бұл халқымыздың қабылдаған шешімі. Аман болып осы кербез дүние, Аналардың тербелсін тек бесігі.

Соғыс деген сөзден сұмдық жоқ шығар, Аулақ болсын бізден ұрыс – от кумар. Сұм соғыста опат болды қанша жас, Шынында да біз білгеннен көп бұлар.

Талай қырғын нәубеттерден қалғанбыз, Ордасында жаудың ойран салғанбыз. Рахымжан Қошқарбаев боп барғанбыз, Туды тігіп Рейхстагты алғанбыз.

20 миллион адам жерін қорғады, Жауды жеңдік, бейбіт заман орнады. Үшбұрышты сәлем хатын жолдады, Біз ұрпағы жауынгердің сондағы.

Болмасын соғыс

**М.Кокиева,
Ленин атындағы орта мектептің оқушысы.**

Болмасын соғыс енді бір, Жайнатып тұрсын жерді гүл. Қанменен жеткен Жеңістің, Жетпіске жасы келді бұл.

Бабалар ісі өнеге, Елене берсін, елене. Отаным менің өрлесін, Бак, құтка толып кереге!

МҰҚАҒАЛИ

**Т. Сеңгірбай,
Қостөбе орта мектебінің 6-сынып оқушысы.**

Мұқағали мұңдылардың мұңдасы, Мың ақынға теңдес онын бір басы. Әр жырында жан толқытар әуен бар, Іштен оқып, ішпен оны тындашы.

Мұқағали сыршылдардың сырласы, Ой-сезіммен асқақтаған тым бөсі. Елге керек есті сөзді толғаған Содан да еш аласармас тұлғасы.

Поэзияда шыншыл ақын бастысы, Жаттар жырын туралыққа жаз кісі. Өшпейтұғын із қалдырған, сонына, Мұқағали бар қазақтың жақсысы!

МАХАМБЕТ БАБА

Намыс оты көудесінде шоқтана, Ақиқатшыл көсем болды топқа да. Бар қазақтың батыры сол Махамбет, Басы сипай өткені шын нұқтаға.

Аңсады көп жұртқа керек теңдікті, Маңғзы сол мақсатының ең мықты. Дәуірінің дауыспазы Махамбет, Биік қойған бірлік пен елдікті.

Ақындығы үлгі болған әркімге, Одан тегі ыққан төре, хан мүлде Ер Махамбет қарсы шықты қаймықпай, Қалын қолды қайырсыз хан Жәңгірге.

Халық үшін салды ойқан дабылды, Кеудесінен кекті жыры ағылды. Сатқындардың салдарынан қапыда, Бағамыздың алтын басы шабылды.

Бүгін оны танып отыр бар ғалам, Жыры байлық ғасырларды жалғаған. Ұрпағына ұлы ерлікті ұрандап, Кетті анық, ер Махамбет, нар бабам!

Рәміздер

**Н.Баймұханов,
Ю.А.Агарин орта мектебінің оқушысы.**

Үш асыл қазына - Ту, Гімн, Елтаңба. Қадір тұтар жас-көрі, Тәуелсіз бұл таңда.

Желбірет көк аспанмен шарықтаған, Көкте сұңқар қанат қағып қалықтаған. Рәмізін қарайды бүгінде- Құрметпен сан ұлтты халық саған.

Ұстазға құрмет

**А.Сейсінбаев,
Г.Мұратбаев мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы.**

Мектеп деген шын білімнің ордасы, Мектептегі бар басталды жол басы. Әріп танып, қалам ұстап қолына, Әр баланың кітап болар жолдасы.

Екінші ана - ұстаз дейміз қалай да, Жүреді олар шуақ шашып маңайға. Біліммен берген бізге тәрбие, Қарыздармыз әкелерге ағайға.

Әр кеудеге толтырып жан азығын, Демеңді еш шаршадым да қажылым. Ұстаздар ғой қағып қойған мектепке, Тектіліктің, тәрбиенің қазығын.

Жүрегіңді ізгілікпен жылытқан, Нәр беретін өте терең тұнықтан. Болашаққа шәкірт үшін жол салған, Ұстаздардың еңбегін еш ұмытпаң.

Сүйінші, ағайын!

ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛҒАН АЛТЫНҚҮЛ!



жүйріктің бірі.

Халықаралық, республикалық ақындар айтысының бірнеше дүркін жеңімпазы, от ауызды орақ тілді Алтынқұл суырыпсалма айтыскер ақын Шорабек Айдаровтың 60 жылдығына орай Қаратау қаласында өткен республикалық ақындар айтысында жүлделі орынды иемденген болатын.

Үстіміздегі жылдың мамыр айында Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Отырар ауданында жыр шайырлары Әселхан Қалыбекова мен Қостанайлық Әсия Беркенованың 65 жылдығына орай ұйымдастырылып өткерілген республикалық айтысқа қатысқан Алтынқұл барлық қарсыластарын, соның ішінде Бекарыс Шойбековті сөзден сүріндіріп, үлкен орамды шеберлікпен көсіле жырлап, бас жүлдені жеңіп алды.

Осылайша дүбірлі додада ауданымыздың намысын қорғап, мәртебесін биіктеткен Алтынқұл Қасымбекованы айтулы жеңісімен құттықтап, әрдайым мерейің үстем болып, өнер додаларында жүлдызың биіктен жарқырай берсін демекпіз!

Аудандық “Ауыл жаңалығы” газеті редакциясының ұжымы.

ОТБАСЫЛАР БАҚ СЫНАСТЫ

«Адамның бақыты- балада» деген екен аталарымыз. Шындығында да кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетінін о бастан түсінген. Сондықтан «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз осыдан қалса



керек-ті. Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әл – Фараби атындағы мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен алғаш рет аудандық «Әкем, шешем және мен» атты отбасылық сайыс өтті. Сайысқа ауданымыздың ауылдық округінен ережеде көрсетілгендей 35 – 40 жас аралығындағы ата – аналар өздерінің 10 – 12 жастағы балаларымен бірге 10 отбасы қатысты.

Алдымен отбасылар өз топтарын қара сөзбен, өлең жолдарымен таныстырды. Содан соң көз ілеспес жылдамдықпен бақшаға гүл отырғызып, оны суарып, жинап алды. Кедрегілер арасынан доппен өтіп, секірмемен кері қайтты. Доппен секіріп сызыққа жетіп, кері қайтарда шенберді белге айналдыра отырып мәре сызығына келіп, өздерінің жылдамдықтары мен шапшаңдықтарын көрсете білді. Шиленісті өткен жарыста Қостөбе ауылдық округінің намысын қорғаған Бекжігітовтер отбасы лайық деп танылды. П орын тұғырынан Құлақметовтер отбасы (Жаңатұрмыс а/о) көрінді. Үшінші орынды көкталдық Абдуалиевтер мен ботамойнақтық Бекмағанбетовтер отбасы өзара бөлісті. Ынталандыру сыйлықтары сазтеректік Нұрмахановтар мен бұрылдық Мұсаевтар отбасына табыс етілді.

Жеңімпаз отбасыларға бағалы сыйлықтармен қоса арнайы Диплом, ал олардың балаларына ескерткіш ретінде сыйлықтар тапсырылды.

Өз тілшіміз.

Ел іші – өнер кеніші

МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

«Еліші–өнеркеніші». Шындығында да кез-келген өнер түрін қалың ел-жұрт арасынан табуға болады. Әсіресе, өнерге ауылдықтардың әу бастан жақын екендігі белгілі. Қолы қалт етсе қалам алып, өмірден білген-түйгенін түртіп жүруді әдетке айналдырған Абай ауылының тұрғыны Оразбеков Тұрар ағамыз міне сондай өнерсүйер азаматтардың бірі. Редакциямызға бір бума қазазын аманат етіп беріп жіберген Тұрар ата «көп білгеннен емес, көпті көргеннен сұра, мына нақылдарым кейінгі буын - жастарға жол көрсетіп жатса нұр үстіне нұр болар еді» деген ізгі мақсатты көздейді. Ендеше қарапайым ауыл қариясының қаламынан шыққан мән-мағыналы мақал-мәтелдердің бірсыпырасын оқырман назарына ұсынғанды жөн санадық.

•Кілті табылса құлып ашылар, Сөзі табылса кісі ашылар.

•Жер қадірін егін екенде білерсің, Мал қадірін өсіріп-баққанда білерсің.

•Жаксы сөз жанға дауа.

•Әдепсізде иман жоқ.

•Жаксы мал қонысын іздейді, нағыз ер елін іздейді.

•Дәмді шәй шөлінді қандырап, Ұқыпты ер істі тындырап.

•Арқанның мықтылығы жақсылап ескенінде, Халықтың мықтылығы татулығы мен ауызбірлігінде.

•Сөзіне қарап ақылын біл, ағайынға қарап ауызбірлігін біл.

•Орынды сөз төрге жетелер, орынсыз сөз от бастырап.

•Тура келетін жаудан, тығылып келетін жау жаман.

•Бұлақ қосылып өзен болар, сөз қосылып өсек болар.

•Тегі жаксының, түбі де жаксы.

•Қолың майлы кезде, жолдастарың да жайлы.

•Су ағып тоқтаса, ашу ақылға тоқтауға тиіс.

•Жарасымды киім кісінің сәні, Парасатты сөз ақылдың белгісі.

•Біреудің малымен жомарт болма.

•Ашық сөзде айып жоқ.

•Ақылды сөз түпке жетеді, түпке жетпесе көпке жетеді.

Ақпараттар ағыны

ЖАС ЖЫРШЫЛАР БАҰҚАУЫ Қазақ хандығының 550 жылдығына арналды

**Қ.Маутаева,
аудан әкімдігі білім бөлімінің әдіскері.**

Халқымыздың баһадүр батырларының ерлігін насихаттау мақсатында әрі Қазақ хандығының 550 жылдығына орай, Жаңатұрмыс орта мектебінде мектеп оқушылары арасында «Туады ерлер -ел үшін» атты І-аудандық жыршылар байқауы өткізілді. Өскелең ұрпаққа батырлар жырын насихаттау арқылы өз мәдениетіміз бен дүниетанымымыздың тамыры тереңде екендігін көрсете отырып, оларды елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуді көздеген сайысқа аудандағы білім ошақтарынан 29 оқушы қатысты.

«Қайратты туған ер еді...» аталымда үміткерлер эпостық жырларды мақаммен жатқа айтуда Үлгілі орта мектебінің оқушысы Ж.Жиенбаев бас жүлдені жеңіп алды. Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінің оқушысы А.Әбілкасымова бірінші, С.Абланов орта мектебінің оқушысы Е.Қыпшақбаев пен Жаңатұрмыс орта мектебінің оқушысы А.Бауыржан екінші, М.Мәметова орта мектебінің оқушысы Қ.Ықылас пен Көктал орта мектебінің оқушысы Г.Ақболатова және Н.Ақшабаев орта мектебінің оқушысы Қ.Жанабаев үшінші орынды өзара бөлісті. Ал халқымыздың батырлары туралы білім сайысы «Алатаудай айбатын, ер екенсің айтулы» деп аталды. Мұнда Т.Ақбозов орта мектебінің оқушысы Ж.Мейрамбек бас жүлдені олжалады. Көктал орта мектебінің оқушысы С.Маратұлы бірінші орынның тұғырынан көрінді. Н.Ақшабаев орта мектебінің оқушысы Д.Дауытбаева, Үлгілі орта мектебінің оқушысы М.Жарбосина екінші, Королевка орта мектебінің оқушысы Ж.Шарипова, Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебінің оқушысы Ж.Ағзадова, Амангелді орта мектебінің оқушысы А.Серікбай үшінші орынды иемденді. Жыршылар сайысына қатысқан барлық жеңімпаздарға құрмет көрсетілді.

Бірінші бөлім бойынша Үлгілі орта мектебінің оқушысы Ж.Жиенбаев облыстық байқауға қатысып, бірінші орынды иеленсе, екінші бөлім бойынша Т.Ақбозов орта мектебінің оқушысы Ж.Мейрамбек үшінші орынды иеленіп, ауданымыздың мерейін өсіріп қайтты.

ЖАРАЙСЫҢ, АРАЙЛЫМ!

**Ш.Бахытбек,
«Мемлекеттік тілді оқыту орталығы» Байзақ аудандық бөлімше меңгерушісі.**

Тіл - қарым-қатынас құралы. Жакында Жамбыл облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы» оқытушылары арасында «Тіл мерейі» атты облыстық байқауы болып өтті. 4 кезеңнен тұрған сайыста үміткерлер алдымен өздерін таныстырды. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешенінің А2, В1 деңгейлері бойынша әзірленген панорамалық сабақ үлгісін көрсетіп, қорғады. Педагогикалық-психологиялық жағдайларға арналған тапсырмаларды тынақты орындап, өзіндік дәріс беру үлгісімен дараланған «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы» Байзақ аудандық бөлімшесінің оқытушысы Арайлым Бейсебаева 8 ауданның оқытушылары арасында 1 орынды иеленіп, жүлдемен оралды.

Тағылымы мол тәрбие сағаты

Қоғамымыздың бойына түскен ауыр дерт-маскүнемдік, нашақорлық пен темекіқұмарлыққа қарсы күрес қарқын алып отыр. Өсіп келе жатқан өрендердің зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін де өзгені де қорғай білуге, салауатты өмір сүре білуге тәрбиелеу мақсатында Ленин орта мектебінің 6-сынып оқушыларымен сынып жетекшісі, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Л.Сұлтанбекованың ұйымдастыруымен «Мен нашақорлыққа қарсымын!» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Алдымен «Шылымды әр тартқаның, табытыңа темір шеге қакканың», «Есірткіден есіруді көздегенше, салауатты салтымыздан қол үзбе» тақырыбында көрнекі құралдар ілініп, салауатты өмір салтына байланысты стенд пен газеттер шығарылды. Ләззат Мырзабекқызы осы тақырыпта мазмұнды баяндама жасап, оқушыларға нашақорлық өмірлеріне төніп тұрған дерт екенін айта келіп, салауатты өмір сүруге шақырды.

Тәрбие сағатында 4-сынып оқушысы А.Мырзабеков, 6-сынып оқушылары Ш.Ділдасева, З.Жолдасбаева, Л.Шералі, Қ.Абай, Д.Мірәділ, Ж.Жолдасбекова, Н.Сырғабай, Д.Мейрамбекова, Ә.Алтынхан денсаулық пен нашақорлық туралы мақал-мәтелдер айтып, өзара жарысты. Ән шырқалды, көріністер көрсетілді.

БІЛІМ БАСТЫ НАЗАРДА

Жуырда Дикан тірек мектебінде (ресурстық орталығы) «Тірек мектеп (ро) жағдайында білім сапасын арттыруда желілік ғылыми-әдістемелік қызметінің рөлі» тақырыбында аймақтық ғылыми-тәжірибелік семинар болып өтті. Аталмыш білім ордасы директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Б.Керімбекованың ұйымдастыруымен өткен іс-шарада «Тірек мектеп тынысы» атты көрме қойылып, көпшілік назарына ұсынылды.

Мұнан соң семинар қатысушылары мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Құрымбетованың мұрындық болуымен домбыра, би үйірмелерінің жас өнерпаздары дайындаған шағын концерттік бағдарламасын тамашалады.

Келесі кезек ақпараттық сессияға беріліп, онда сөз сөйлеген Дихан тірек мектеп (ро) директорының уақытша міндетін атқарушы С.Жаманғараева «Шағын жинақты мектеп оқушыларына сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуде тірек мектептің рөлі» атты баяндама жасады. Дикан тірек мектебінің (ро) жеткен жетістіктері жайлы айтып өтті.

Семинар барысында сонымен қатар сандық презентациялар, панелдік дискуссия, жобалау жұмысы, оны қорғау бойынша арнайы тыңдаулар өткізілді.

Аталмыш аймақтық ғылыми-тәжірибелік семинарға Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы оқу әдістемелік кабинетінің «ШЖМ дамыту бөлімінің» жетекшісі Ә.Әлімбекова арнайы келіп қатысып, өзінің алған әсерінен бөлісті. Тақырып төңірегінде ой-пікірлерін айтты.

Бүлдіршіндер бақшамен қоштасты

Ж у ы р д а
К ө к б а с т а у
а у ы л ы н д а ғ ы
“Айшуақ” балалар
бақшасында “Қош
бол, балабақша!”
атты шара өтті.
Ертеңгілікті бақша
м е н г е р у ш і с і
Ж.Нұрғалиева
ашып, бала-көздің
нұры ғана емес,
ел ертеңі екендігін
айтып, елімізде
балаларға жасалып жатқан
камқорлықтарға тоқталды.
Бақшамен қоштасып
жатқан өрендерге ақ жол
тіледі. Мұнан соң “балалар
бағбаны” атанған, білікті
тәрбиешілер Т.Алижанова
мен З.Абишева тәрбиелеген
өрендер әулетіп ән салды,
төгілтіп жыр оқыды. Н.Нұрлан,
Ж.Қуаныш, Е.Алпысбай және
Е.Мұтан “Бауырсақ” ертегісіндегі
басты кейіпкерлерді әдемі
смайлды шықты. Ш.Өмірбек,
А.Малғараев, Е.Мұтан мың
бұрала билесе, “Кім жылдам”,
“Ия-жоқ” ойындарында Е.Әбімәлік
пен А.Әбілбектер шашасына
шан жұқтырмады.

Ертеңгілі соңында сөз алған әдіскер З.Бектасова аталмыш білім ошағынан қанат қаққалы отырған бүлдіршіндерге өзінің ізгі ниетін айтып, естелікке сыйлықтарды табыс етті.

Өз тілшіміз.

